

- 3 Шодыров, Е. Қоймалар, вагон шаруашылығы // National Business. – 2006. – № 3.
- 4 Тойлыбаев, С. Invest Capital Realty: қоймалар, логистика, инфрақұрылым // KAZAKHSTAN халықаралық іскерлік журналы. – 2005. – № 2.
- 6 Арпабеков М.И, СулейменовТ.Б. Управление движением транспортных средств, Астана 2012.
- 7 Милославская С., Плужников К. Мультимодальные и интермодальные перевозки, Москва 2001
- 8 Ж.М. Куанышбаев, Т.Б. Сулейменов, М.И. Арпабеков, Н.К. Айдикенова, Н.Д-У. Адилова Транспортная логистика в перевозочном процессе, Астана 2014

ӘОЖ621.867

АҚЫЛЫ ЖОЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Арпабеков М.И.¹, Бердалы Н.Т.²

arpabekov_m@mail.ru, berdali @mail.ru

¹т.ғ.д., профессор «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ, Астана, КР

² Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ 6В11301-«Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» оқу бағдарламасының 3 курс студенті, Астана, КР

Былтыр Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі ақылы жол участкерінде жеңілдікпен жүргүре түзетулер енгізуі көздейтін заң жобасына бастамашы болды.

Осылайша, республикалық маңызы бар жолдардағы ақылы участкермен жеңілдікпен жүретіндердің қатарына ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды қосу көзделуде. Қазір заң жобасы КР Парламенті Мәжілісінде қарастырылып жатыр.

Бүгінде ақылы жолға іргелес елді мекендерде тұратын пайдаланушылардың бір ауданының шегіне өту үшін 1000 теңгені құрайтын жылдық тарифты қолдануға мүмкіндігі бар.

Жолаушыларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын автобустар, ақылы жолға іргелес аудандардағы автобустар, жедел медициналық көмек қызметтері, өрт сөндіру және төтенше жағдайлар қызметтері, патрульдік полиция мен әскери техникалар тарифтерден босатылған.

Естерінізге сала кетейік, биыл ұзындығы 5,8 мың шақырым жолды ақылы ету бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл келесідей жол участкері: «Шымкент – Өзбекстан шекарасы», «Орал – РФ шекарасы (Саратов)», «Орал – РФ шекарасы (Самара)», «РФ шекарасы (Оренбург) – Ақтөбе», «Щучинск – Петропавл», «Қостанай – РФ шекарасы (Троицк)», «Шымкент – Қызылорда», «Шымкент – Тараз», «Тараз – Қайнар», «Қапшағай – Талдықорған», «Атырау – Бейнеу – Өзбекстан шекарасы», «Қарабұтақ – Қызылорда», «Ақтөбе – Орал», «Ақтау – Бейнеу», «Нұр-Сұлтан – Қостанай», «Павлодар – РФ шекарасы (Омбы)», «Нұр-Сұлтан – Павлодар», «Павлодар – Семей – Қалбатау»

Кез-келген елдің жолдарының сапасы елдің даму деңгейінің көрсеткіш болып табылады. Ішкі және сыртқы жолдар экономикаға ықпал етуші негізгі факторлардың бірі. Жол салу мәселесі үлкен қаржылық салымдармен қомақты инвестицияларды қажет етеді. Дәстүрлі түрде ішкі жолдар негізінен автокөлік иелерінің салықтарынан салынады. Алайда, бұл қаражат көбінесе жолды тиісінші техникалық-эксплуатациялық сапалы деңгейді ұстап тұруға жетпей жатады. Осылайша байланысты көптеген мемлекеттер жол салу үшін жеке кәсіпкерлермен инвесторлардың ақшаларын тарта бастады. Соныңқы әтижесінде «ақылы жолдар» түсінігі пайда болды. Бүгінгі таңда әлемнің бірқатар елдері ақылы жолдар салу тәжірибесін қолданады.

Жалпы ақылы жолдарды салуда әлемдік тәжірибеде: архаикалық америкаандық, батыстық, азиялық және қытайлық түрлери белгілі [1].

Архаикалық тәжірибе шлагбауымдарға негізделген. Бұл тәжірибе бойынша барлық жолдарда шлагбауымдар орнатылады. Аталған тәжірибе автокөліктер пайда болмай тұрған уақыттың өзінде қолданылған [1].

Батыстық тәжірибе ақылы ақылы жол салудың сипаттамалары:

– жол expressway класына сәйкес салынған, (жолдың әр жүру бағытының 3-4 жол ақшасы бар және қоршаған ортадан экрандардың көмегімен изоляцияланған, басқа жолдармен қиылысу нүктелері әр-түрлі деңгейлерде) осылайша, қоршаған ортамен жаяу жүрушілерден барынша изоляцияланған, қашықтықты жылдам жүріп өтуге арналған жол торабы болып табылады;

– аталған жолдардар техникалық қондырылармен жабдықталған, оларға ақша қабылдауға арналған турникеттер, шлюздер жатады. Кей жағдайларда кірумен шығуды бақылап отыруға арналған транспорттық-телевизиялық детекторлар қолданылады;

– жолдың ақша қабыладау турникеттерімен шлюздерінде кептелістің болуы мүмкін емес. Себебі, жолды салу барысында көлік өткізу көрсеткіші нақты өтетеін көліктер көрсеткіштерінен бірнеше есе артық болатында жоспарланады. Тіпті, соңғы жылдары тұтынушылардың құқығын қорғау ұйымдарының талаптарына сәйкес аталған типтердегі жолдарда кептеліс болған жағдайларда ақшалай кепілақы төле уқарастырылып жатыр [1].

Осындай себептерге байланысты ақылы жолдар көп жағдайларда тек алыс ара-қашықтықтарды қосу мақсатында салынады. Ақылы жолдармен салық төлеушілердің қаражатына салынған тегін жолдардың басты айырмашылығы тегін жолдарда қиылыстардың өте көп болуында. Жолдарда қиылыстардың көп болуы жолдың көлікті өткізу эффективтілігінің төмен болуына әкеледі. Соңдықтан, ақылы жолдар негізінен халықаралық немесе облысаралық алыс қашықтықтарды қосу үшін салынады. Сонымен қатар, алысара-қашықтықтарға арналған жолдарды салу барысында, жолдардың қиылысу нүктелерін көпірлердің көмегімен әр-түрлі деңгейлерде салу мүмкіндігі бар. Ал, бұл өз алдына кептелістің болмауын қамтамассыз етеді.

Батыстық үлгіде салынған ақылы жолдары бар елдерге: АҚШ, Жапония, Франция, Испания, Ұлыбритания, Германия, Австрия жатқызуғаболады.

Адам басына шаққанда автокөлігі ең көп ел ол Америка Құрама Шаттары. шамамен 1000 адамға 840 автокөлік. Бұл елде ақылы жолдар, тунелдермен көпірлерә ксерименттері 1950 жылдарға дейін жүргізілді. 1957 жылы «Федералды жол трасстық қоры» бекітілген заң қабылданды. Бұл заң бойынша штаттар арасын қосатын жолдарды ақылы жолдар жасауға тығым салынды. Сонымен қатар, ақылы жолдар салуға Федералды субсидиялар бөлу тоқтатылды, тек қана өте қымбат деп танылған көпірлер мен тунелдерді салуға қосымша инвестициялар тартуға рұқсат берілді. Бұл заңға 1987 және 1991 жылдарда өзгерістер енгізіліп, ақылы жолдар салуға рұқсат берілді. Алайда, ақылы жолдар шаттарды қосатын жолдар болмауы тиіс. Сол жылдардан бері АҚШ-да көптеген ақылы жолдар салынды, мысал ретінде Вирджиния штатында орналасқан «Dulles Greenway» ақылы жолы мен Денвердің қасындағы E-470 мемлекеттік сақиналы жолды айтуға болады. Бүгінгі таңда АҚШ-да ақылы жолдардың көрсеткіші 8000 км-ге жуық.

Франция, Италия, Испания елдері үшін ақылы жол салудың тәжірибелері ортақ болып келеді. Себебі бұл елдер турситтік аймақтар болып табылады. Бұл елдерде ақылы жолдардың турситтерге арналған және халықаралық, аймақаралық түрлері бар. Бұл елдерде ақылы жол салумен әлемге танымал компаниялар айналысады. Мылалы, Францияда – ASF, SAPRR, Италияда – Autostrade per l'Italia SpA, Испанияда – Abertis 5 және т.б.. Дегенмен бұл елдерде ақылы жолдардың көрсеткіші барлық жолдармен салыстырғандағы айтартықтай көп емес, Италияда – 1,17 %, Францияда – 0,84 %, Испанияда – 28,9 %. Алайда, магистральдар үшін көрсеткіштер мәні өте жоғары, Италияда – 84,8%, Францияда – 80,6%, Испанияда – 28,9% [1,2].

Англияда ақылы жолдың 2003 жылдың салынған 27 миль қашықтықты құрайтын жалғыз бөлігі бар. Алайда, бұл елде қала ішінде ақылы жол салу тәжірибесі кең қолданылады. Мысалы, Лондон қаласының орталығына өту 2003 жылдан бері ақылы төлем арқылы жүзеге асырылады.

Германия мен Австрия елдерінде ақылы жолдар тек қана Альп курорттарының аймақтарында кездеседі. Оның өзінде бұл жолдардың ақылы болуы табиғат байлықтарын қорғау мақсатында салынған. Германияда Bundesfernstraßen (Federal Trunk Roads) немесе Motorways жоғарғы технологиялық ақша жинау жүйесі бойынша ауыр жүк көліктеріне қосымша ақша төленеді. Алайда, бұл төлем ақылы жол төлемі ретінде саналмайды [1,2].



1 сурет – Бурабай бағыты ақылы жолды

Азиялық тәжірибе. Ақылы жолдарды салуды табысты инвестициялық жобаға айналдыру үшін тарфитік шектеулер болмауы тиіс. Мәселен, батыс Еуропа мен солтустік Америка елдерінде ақылы жолдардың тарифтеріне шектеулер қойылады. Ал, ақылы жолдарында тарфитік шектеуліктері жоқ елдерге ақылы жолдарды салуда Азиялық тәжірибеле сүйенетін Индия, Малайзия, Түркия, Египет, Тайвань, Неопаль елдерін айтуға болады. Бұл елдерде жол салудың мемлекеттік-жеке серіптестік формасы қолданылады. Яғни, жеке инвестордың қаражатына салынған жол, салынған инвестиция мөлшерін ақтауы соң, мемлекеттік меншікке өтеді. Бұндай принциппен салынған жолдардың өзін-өзі ақтауы төмендегі факторларға тәуелді:

- ақылы жол салынған мекенде автокөліктердің концентрациясынқ көп болуы;
- жергілікті автожүргізушилердің жолды жүріп өту үшін үлкен қаражатты төлеуге дайын болуы және жергілікті автожүргізушилердің құқықтарын қорғайтын үйымдардың болмауы. Кейбір әдебиеттер мәліметтеріне сүйенетін болсақ жеке инвесторлардың қаражаттарына салынған жолдардың 1 км жүріп өту бір АҚШ долларына тең болуы мүмкін екен.

Азиялық тәжірибе принципі бойынша салынған жолдарға соңғы жылдары Азияның Гонконг, Сингапур мен Куала-Лумпур сияқты үлкен агломерацияларында салынған жол тораптарын айтуға болады. Бұл тәжірибелің тағы бір ерекшелігі жол салуға тартылатын инвестордың қаражатының қандай жолмен табылғанына мән берілмейді. Осылайша, көптеген кәсіпкерлер өздерінің көлеңкелік табыстарын заңдастырып алғы жатады [1,3].

Қытайлық тәжірибе. Қытайлық билік өкілдері ақылы жол салу барысында архаикалық, батыстық және азиялық тәжірибелердің барлығын біріктірді. Қытайлық тәжірибенің принциптері бойынша елде ақша жинаудың 6 түрі жіктелді: жолды пайдалану үшін ақша жинау, жолдарға тиісті техникалық және жөндеу жұмыстарын жасау үшін ақша жинау, хайвейлерді жүріп өту үшін қосымша ақша жинау, жұк тасымалы және администрациялық төлемдер үшін ақша жинау. Осы мақсаттарда ақша қабылдаудың терминалдары автомагистральдарда орнатылады деп жоспарланған. Алайда, бұндай терминалдар 100 км жол үшін 5-6 данадан қойыла бастады. Қытайда автокөліктегі өте көп болуы және үкімет тараپынан ақылы жол салатын инвесторларға осындай мүмкіндіктердің жасалуы Қытайда нағыз жол салу революцияның пайда болуына әкелді. Қытайда ақылы жол салу үшін дүние жүзінен инвесторлар тартыла бастады. Сонымен қатар, ел ішіндегі де орташа және кішігірім кәсіпорындар мемлекеттік кредиттердің көмегімен ақылы жол салуға кірісті. Қытайда ақылы жолды ақша табу мақсатында салудың эффективтілігінің жоғары болуына төмендегі факторлар әсер етті:

- арзан әлі дисциплиналы жұмыс қүшінің көп болуы және жол салуға қажетті шикізаттар мен техниканың (құм, тас, асфальт) қол жетімділігі;
- автокөлік санының тез артуы, Қытайда соңғы 10 жылда автокөліктер саны 50 миллион данадан асып кетті. Қытай елінің автокөлік өндірішілері қазіргі таңда әлем бойынша үштікке кіріп отыр;
- тұрғын үй құрылышының тез өсуі, Қытай әлемдегі халық ең көп ел, яғни адам санының өсуі көрсеткіші де өте жоғары.
- автожүргізушилердің жақсы жолмен жүру үшін ақша төлеуге дайын болуы. Қытайда халық саны да автокөлік саны да өте көп. автокөлік жүргізушилеріне кептелісте тұру тиімсіз, сондықтан, тиісінші қаражатты төлеп уақыт үнемдеу әлдеқайда тиімді болып табылады.

Қытай жолдарын ақылы жасаудың тиімдіктері мен қатар кемшіліктері де белгілі. Елдегі әр 100 км қашыктықтарда 5-6 терминалдардың болуы, жергілікті жерлерде алайактық пен парапорлықтың дамуына ықпал етті. Қытайдың СИНХУА қадағалаушы органдарының мәліметтеріне сүйенсек елде жол жүрі үшін қаражат қабылдайдың терминалдардың заңсыз орнатылған тұрларі тіркелген. Аталған терминалдар кесірінен келтірілген шығын 3 млрд АҚШ долларына тең болған. Жол торабына қойылған әр терминал жол кептелсіне әкеліп, автокөлік санының өсуі нәтижесінде бұндай терминалдар нағыз проблемаларға айналды. 2008-09 жылдарда болған автокөлік жүргізушилерінің көтерілістерінен кейін Қытай үкіметі жоғарыда көрсетілген ақша жинаудың 6 түрін қолданыстан алып таstadtы. Алайда, алыс ара-қашықтарды косатын магистральдар үшін батыстық үлгі арқылы жол салу әліде қолданылады. [1,3].

Қорытынды. Қарастырылған елдердің ішінде ақылы жолдарды салу тек қана Қытай елінің ұлттық жол шаруашлығының дамуына ықпал етті. Оның себебі, Қытайдың басты ерекшелітері, яғни халық санының көп болуы және сәйкесінше автокөліктер өсімінің тез жүруі.

Қазақстанда ақылы жолдарды салу тәжірибесін енгізу барысында әлем елдерінің тәжірибесін қолдану тиімсіз. Ақылы жолдарды салу институттарын дамыту, қосымша инвесторларды тарту мәсмелелерін шешу Қазақстанның үлкен территоряны алып жатуын шеше алмайды. Елді мекендердің бір-бірінен қашықта орналасуы, әрі сол жолды жүріп өткені үшін ақша төлеуге дайын автокөлік жүргізушилерінің концентрациясының аз болуы, ақылы жолдарды салуға инвестиция салушыларды үркітеді. Қазақстанда ақылы жолды салудың тағы бір қолайсыз жағы климаттың қатты континитальды болуы. Қысы өте суық, жазы ыстық. Үлкен температура айырмасы жолдың эксплуатациялық қасиеттерінің төмендеуіне және оған жыл сайын жөндеу жұмыстарына ақша бөлуді қажет етеді. Ақылы жолдарды салу үшін халық саны мен автокөліктер саны көп болуы тиіс. Ал, Қазақстанда бар жоғы 18 млн халық және 4,5 млн жуық автокөлік бар. Олардың басым бөлігі Республикалық маңызы бар Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтарының есебінде. Қазақстан үшін

ақылы жолдар салу тек алыс орналасқан аймақтарды қосуға немесе халықаралық транзиттік магистральдарді салуға тиімді. Мысалы, батыс Еуропа және батыс Қытай тас жолы және қазіргі таңда Астана-Көкшетау аралығында сәтті жұмыс жасап тұрған ақылы жолын айтса болады.

Қазақстанға ақылы жол салу тәжірибесін енгізу барысында Лондодық тәжірибелін қолданса болады. Мәселен, ірі қалалардағы көше кептелістін шешудің бір жолы автокөлік ағыны өте көп болтын қала ішіндегі жолдарды ақылы жолдарға алмастыру. Осылайша, қаланың орталық көшелеріндегі көлік кептелісін азайтуға болады. Алайда, бұндай тәжірибелі толық демократиялық деп айта алмаймыз. Себебі, ақшасы жоқ адамдардың құқықтары бұзылады деп те айтуға болады.

Ақылы жол салуды енгізу барысында шет елдік елдердің тәжірибелеріне сүйенген дұрыс. Алайда, әр елдің өзінің географиялық орналасуына байланысты ерекшеліктерін естен шығарма қажет. Сонымен қатар, ақылы жол салу барысында елдегі автокөліктердің жалпы саны мен халықтың төлем қабілетінде міндетті түрде есепке алу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мировой опыт платных дорог. Материалы Всемирного банка, 2000. <http://rru.worldbank.org/documents/toolkits/highways/pdf/59a.pdf>. URL: http://rru.worldbank.org/Documents/Toolkits/Highways/3_public/33/3332.htm
2. Винокуров Е.А., Джадралиев М.А., Щербанин Ю.А. Международные транспортные коридоры ЕврАзЭс: быстрее, дешевле, больше: Отраслевой обзор. Алматы: Евразийский банк развития, 2009.
3. Фишер Д., Бэббэр С. Частное финансирование платных дорог. Материалы Всемирного банка, 1996. URL: http://siteresources.worldbank.org/INTGUARANTEES/Resources/Private_Financing_of_Toll_Roads.pdf.

ӘОЖ621.867

ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ЭКОНОМИКА

Арпабеков М.И.¹, Билялова А.Т.²

arpabekov_m@mail.ru, bilaloba @mail.ru

¹т.ғ.д., профессор «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, КР

² «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалды ұйымдастыру» кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Логистика жеткізу тізбегіндегі ынтымақтастық, салалық өткелдер мен күтпеген әріптестік қарым-қатынас арқылы ресурстарды бірлесіп пайдалану экономикасын қамтиды, ол іске асыру мен тасымалдаудың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Бірлесіп пайдалану экономикасы тек қана өсе береді, біреудің машинасынан қырыққабатқа дейін бәрін алу мүмкіндігімен. Бұл бірлескен пайдалану моделінің таралуы әр бизнестің басындағызды рөл атқарды. Жоғары сапалы, тұрақты өнімдерді жасай отырып, кез-келген бизнестің жаңа желісін іске қосады деп күтілді.

Бірақ екі маңызды міндет қалды: сатуды басқару тәсілі мен өз өнімдерін сақтау орнын табу. Қойманы басқарудың дәстүрлі процесі: бөлінген кеңістікке инвестиция салу, ұзақ мерзімді жалға беру немесе логистика бойынша бөгде серіктестермен (3PL) жұмыс істеу, олар стартаптардың аз көлемі бар жаңа компаниялардан жалтаруы мүмкін.

Оның орнына Нью-Йорк компаниясы талап бойынша маршрутты таңдады. CasperSleep матрастарының стартап басшыларының ұсынысы бойынша компаниялардың талабы бойынша қою мақызыметтерін Сиэтл Flexекомпаниясымен ұсынылды.